

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 70 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 наурызда № 10425 тіркелді.

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2023 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасының бастығы:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін жолдасын;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін бұйрықты мерзімді баспа басылымдарына және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдасын;

3) бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің веб-сайтына орналастырсын.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

И. Тасмағамбетов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2015 жылғы 10 ақпандағы
№ 70 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарында (бұдан әрі – ЭПО) тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары ЭПО-да тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелеріне (бұдан әрі – көлік құралдары) міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау-диагностикалау жабдығы – көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін қолданылатын сынақ жабдығы және өлшеу құралдары;

2) көлік құралдарының техникалық жай-күйін диагностикалау – олардың жұмыс режимдерінде ықтимал ауытқулардың алдын алу үшін көлік құралдарында, олардың тораптары мен элементтерінде ақаулықтардың болуын сипаттайтын белгілерді белгілеу және зерделеу;

3) көлік құралының иесі – көлік құралының меншік иесі, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында иелік ететін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери бөлімі (мекемесі);

4) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі (бұдан әрі – МТНБ) – мемлекет меншігі болып табылатын және көлік құралына берілетін жеке әріптік-цифрлық белгіден тұратын және ұлттық стандарт талаптарына сәйкес жасалған бұйым. Осы ұғым "Транзит" МТНБ-ға қолданылады;

5) міндетті техникалық қарап-тексеру – көлік құралдарын және оларға құжаттамаларды Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына, Қорғаныс министрінің және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрықтарына сәйкестігі мәніне тексеру жөніндегі іс-шаралар кешені;

6) міндетті техникалық қарап-тексеруден өту – көлік құралының иесі жүзеге асыратын осы Қағидаларда көзделген іс-қимылдар;

7) міндетті техникалық қарап-тексеруді өткізу – ЭПО жүзеге асыратын осы Қағидаларда көзделген іс-қимылдар.

3. ЭПО-да тіркелген көлік құралдары жыл сайын 15 мамырдан бастап 15 қыркүйек кезеңінде міндетті техникалық қарап-тексеруге (бұдан әрі – қарап-тексеру) жатады.

4. Сақтауда тұрған көлік құралдарын қарап-тексеру, оларды сақтаудан алған және пайдалануға енгізген жағдайда жүргізіледі.

5. Қарап-тексерудің негізгі міндеттері:

- 1) жол жүрісіне қатысатын көлік құралдары техникалық жай-күйінің осы Қағидалардың 20-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуін бағалау;
- 2) көлік құралдары техникалық жай-күйінің осы Қағидалардың 20-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан туындаған жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру;
- 3) көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көлік құралдарын пайдаланудың қоршаған ортаға зиянды ықпал етуін төмендету;
- 4) көлік құралдарының техникалық жай-күйі бойынша статистикалық талдау болып табылады.

6. Қарап-тексеруді ӘПО әскери бөлім (мекеме) базасында көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу орны бойынша жүргізеді.

2. Міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру тәртібі

7. Жыл сайын 5 мамырға дейін ӘПО гарнизон бастығы бұйрығының жобасын әзірлейді, онымен қарап-тексеруді өткізу кестесі және комиссияның құрамы бекітіледі, сондай-ақ өзге де ұйымдастыру мәселелері көзделеді.

Комиссия құжаттаманы тексеретін адамдарға және көлік құралдарының техникалық жай-күйіне диагностикалау жүргізетін адамдарға бөлінеді.

8. ӘПО-да қарап-тексеруді жүргізу тәртібі, көлік құралдарының техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтерді және қарап-тексеруді жүргізу кестесін көрсетумен, ақпараттық стенділер орнатылады.

9. Қарап-тексеруден өту үшін көлік құралының иесі қарап-тексеруді өткізу кестесіне сәйкес ӘПО-ға осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген көлік құралын және құжаттарды ұсынады.

10. Қарап-тексеру мерзімдері аяқталғаннан кейін әскери бөлімге (мекемеге) көлік құралдары келіп түскен жағдайларда қарап-тексеру оны тіркеу кезінде жүргізіледі.

11. Көлік құралдары іссапарға жіберілген жағдайларда қарап-тексеруді өткізу кезеңінде оларды қарап-тексеру, олар іссапармен келген әскери бөлімнің (мекеменің) көлік құралдарымен бірге жүргізіледі.

Іссапармен келген көлік құралдарына техникалық қарап-тексеруді жүргізу үшін ӘПО-ға көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік ұсынылады (бұдан әрі - КҚТК).

Бұл жағдайда көлік құралының техникалық жай-күйі тексеріледі, құжаттарды тексеру көлік құралы тұрақты орналасу пунктіне қайтарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

12. Бір көлік құралына қарап-тексеруді жүргізу уақыты 30 минуттан аспауға тиіс.

13. Қарап-тексеруден өту үшін көлік құралының иесі ӘПО-ға мынадай құжаттарды:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді;

2) КҚТК түпнұсқасын;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарап-тексеруге ұсынылатын көлік құралдарының тіркеу тізімін;

4) ұсынбау себептерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарап-тексеруге ұсынылмаған көлік құралдарының тіркеу тізімін;

5) штатқа табельден үзінді-көшірмені;

6) көлік құралдарының паспорттарын (формулярларын);

7) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Қару-жарақ бас басқармасы немесе жоғары тұрған штаб жүргізілген салыстыру туралы тиісті белгісі бар автомобиль техникасын есепке алу кітабын;

8) машиналардың жұмысын және жанар-жағармай материалдарының шығысын есепке алу кітабын;

9) пайдаланудың тексерілетін кезеңі үшін жол жүру парақтарын;

10) КҚТК-нің деректерін, көлік құралының параметрлерін және оның құрамдас элементтерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диагностикалау карталарын ұсынады.

14. ӘПО-ның қарап-тексеруді өткізуден бас тартуы үшін негіздеме:

1) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, көлік құралының иесі осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы;

2) қарап-тексеруге көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктегі сәйкес деректермен келмейтін ӘПО-мен келіспей ауыстырылған нөмірлік агрегаттары (козғалтқыш, шасси, қорабы) бар көлік құралын ұсынуы;

3) қарап-тексеруге мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінсіз (бұдан әрі – МТНБ) немесе көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілгенге сәйкес келмейтін МТНБ бар көлік құралын ұсыну болып танылады.

15. Қарап-тексеруді өткізуден бас тартудың негіздемелерінің бірі анықталған жағдайларда ӘПО үш жұмыс күнге дейінгі мерзімде ол туралы көлік құралының иесіне бас тарту себебін көрсете отырып жазбаша түрде хабарлайды.

3. Міндетті техникалық қарап-тексеруді өткізу тәртібі

16. Көлік құралдарын қарап-тексеру бақылау-диагностикалау жабдығын қолданумен жүзеге асырылады, оның құрамына:

1) жол сынақтары әдісімен тежегіш жүйелерін тексеруге арналған аспап;

2) люфтомер;

3) газталдағыш және түтінөлшегіш;

4) жарық фараларын тексеретін электрондық аспап кіреді.

17. Ақаулы және (немесе) белгіленген мерзімде тексеруден өтпеген бақылау-диагностикалау жабдығын пайдалануға жол берілмейді.

18. Қарап-тексеру екі кезеңде өткізіледі: дайындық және негізгі.

19. Қарап-тексеруді өткізудің дайындық кезеңі барысында:

- 1) осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттар тексеріледі;
- 2) көлік құралының маркасы, моделі және модификациясы белгіленеді;
- 3) көлік құралының түсі белгіленеді;
- 4) МТНБ-ның болуы тексеріледі;
- 5) көлік құралының құрылымына енгізілген өзгерістердің болуы белгіленеді;

6) алынған нәтижелер көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректерімен салыстырылады (салыстырылып тексеріледі).

20. Қарап-тексеруді өткізудің негізгі кезеңі – көлік құралының техникалық жай-күйін диагностикалау көлік құралының жиынтықтығын, пайдалану қауіпсіздігінің жекелеген қасиеттерін сипаттайтын параметрлердің шекті мәндерін, жұмыс істеу қабілеті көрсеткіштерінің шекті ықтимал нашарлауын сипаттайтын пайдалануда жол берілетін жекелеген құрамдастардың тозуларына (бүлінуіне) шектеулерді, көлік құралы конструкциясын өзгертудің жол берілетін шектерін шектеуді тексеруді қамтиды, оның ішінде:

1) тежегіш басқаруда:

жұмыс тежегіш жүйесін пайдалану сипаттамасын және жұмыс істеу тиімділігін;
қосалқы тежегіш жүйесін пайдалану сипаттамасын және жұмыс істеу тиімділігін;
тұрақтық тежегіш жүйесінің пайдалану сипаттамасын және жұмыс істеу тиімділігін;
бұғаттауға қарсы тежеу жүйесінің жұмыс істеуін;

2) рульді басқаруда:

руль тетігінің және оны бекітетін картердің, руль жетегінің, руль дөңгелегінің және руль колонкасының механикалық жай-күйі мен жұмыс істеуін;

жалпы люфті;

дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеу.

3) көру:

көру аясы;

әйнектердің жай-күйі;

артқы көру айнасы және аспаптар;

әйнек тазалағыштар;

әйнек жуғыштар;

4) сыртқы жарық аспаптарының, көзді шағыстырғыштар мен электр жабдығының саны, орналасуы, түстері, көру бұрыштары, жай-күйі, жұмыс істеуі және сипаттамалары:

фаралар;

алдыңғы және артқы габариттік (бүйір) оттары, бүйір сигналдық шамдары;

тежеу сигналдары;

бұрылу көрсеткіштері;

алдыңғы және артқы тұманға қарсы фаралары;

артқы жүріс шамдары;
артқы нөмірлік белгінің жарық беру шамдары;
жарық шағылдырғыштар, бүйірлік шағылдырғыштар, артқы тану белгілері;
бақылау сигналдары;

тартқыш пен тіркеменің немесе жартылай тіркеменің арасындағы электрлік қосылғыштар;

электр сымдары;
міндетті емес оттар;
аккумуляторлар;

5) біліктер, дөңгелектер, шиналар мен аспалар:

біліктердің механикалық жай-күйі;

дөңгелектер мен шиналардың өлшемі, сипаттамалары мен тозуы;

аспа элементтерінің және оларды бекітпелердің (рессорлар, амортизаторлар, құбырлар, айналмалы момент бергіші, итергіш штангалар мен аспа иінтірегішінің, сондай-ақ шарнирлік элементтердің) механикалық жай-күйі.

6) шасси мен шассиге агрегаттар мен тораптарды бекіту элементтерінің:

түтін түтіктері мен тұншықтырғыштардың;

отын бағы мен құбырлардың (жылытуға және құбыр жолдарға арналған отын бағын қоса алғанда);

бамперлердің, бүйір қорғану және артқы сырғуға қарсы құрылғының;

қосалқы дөңгелек кронштейндерінің;

тіркеу құрылғысының;

трансмиссиялардың;

куат агрегатын бекіткіштің;

аудару тетігінің;

кабинаны немесе шанақты орнату;

есіктер және есік құлыптарының;

еденнің;

жүргізуші мен жолаушылар орындықтарының;

басқару органдарының;

кабина мен шанақ басқыштарының;

өзге де ішкі және сыртқы фитингілердің;

шашыратқыштардың (қанаттардың), шашыраудан қорғауға арналған құрылғылардың жай-күйі мен жұмыс істеуі;

7) өзге де жабдықтың:

қауіпсіздік белдіктерінің;

өрт сөндіру құралдарының;

құлыптар мен айдап әкетуге қарсы құрылғылардың;

авариялық тоқтау белгілерінің;

алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишасының;
дөңгелектердің астына салынатын сырғуға қарсы тіреуіштердің;
дыбыстық белгі беру жүйесінің;
спидометрдің;
жылдамдықты шектеуге арналған құрылғының болуы, жай-күйі және жұмыс істеуі;
8) қоршаған ортаға ықпал етумен байланысты факторлар:
шу;
пайдаланылған газдар;
сұйықтықтардың ағуы.

21. Қарап-тексеруді өткізудің негізгі кезеңі көлік құралының қандай да бір бөлігін бөлшектеусіз немесе алып тастаусыз орындалады.

22. Тіркемелер мен жартылай тіркемелердің техникалық жай-күйі автопоезд құрамында да, ағытылған жай-күйде де (тарту-тіркеу құрылғысы мен тежегіш бұғаттаудың дұрыстығын бақылау үшін) тексеріледі.

23. Көлік құралына диагностикалауды жүргізу нәтижелері бойынша диагностикалау картасы жасалады, оның негізінде оның қолданыс мерзімін көрсете отырып, осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық қарап-тексеруден өту туралы куәлік беріледі.

24. Диагностикалау картасына көлік құралының техникалық жай-күйіне диагностикалау жүргізген ӘПО әскери қызметшісі қол қояды және көлік құралы иесінің өкіліне беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2023 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Егер қарап-тексеруді өткізу нәтижелері бойынша көлік құралын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен шарттар анықталмаса, қарап-тексеру өткізілді деп саналады.

Осындай жағдайда көлік құралының иесіне диагностикалау картасы негізінде оның қолданыс мерзімін және бөлінген моторесурстар нормасын көрсете отырып, қарап-тексеруден өткені туралы куәлік беріледі.

Іссапармен келген көлік құралына берілетін қарап-тексеруден өткені туралы куәлікке бөлінген моторесурстар нормасы туралы белгі қойылмайды. Бұл жағдайда ондай белгі көлік құралы тұрақты орналасу пунктіне қайтып келген соң құжаттарды тексергеннен кейін қойылады.

26. Қарап-тексеруден өткені туралы куәлікке әскери автомобиль полициясы бөлімшесінің бастығы немесе оның орнындағы адам қол қояды және мөрмен расталады

27. Егер қарап-тексеруді өткізу нәтижелері бойынша көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулықтар мен жағдайлар анықталса, қарап-тексеруден өтпеген деп танылады.

Осы жағдайда көлік құралы иесінің өкіліне ақаулықтарды көрсете отырып, диагностикалау картасы беріледі.

28. Ол кезінде көлік құралын пайдалануға тыйым салынған анықталған ақаулықтар мен шарттар жойылғаннан кейін көлік құралының иесі он жұмыс күнге дейінгі мерзімде оны қайта қарап-тексеруді өткізу үшін ұсынады.

29. Көлік құралын қайта қарап-тексеру кезінде қарап-тексеру белгіленген критерийлерге жауап бермейтін сол ұстанымдар бойынша өткізіледі және ол туралы диагностикалау картасында көрсетілген.

30. Он жұмыс күні өткеннен кейін көлік құралын осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігіне қарап-тексеру жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

31. Егер қайта қарап-тексеруді өткізу кезінде бұдан бұрын анықталған және диагностикалау картасында көрсетілген, ол кезінде көлік құралын пайдалануға тыйым салынған ақаулықтар мен шарттардың жойылмағаны белгілі болса, диагностикалау картасы жасалады, онда қайта қарап-тексеру нәтижелері көрсетіледі.

32. Кестемен белгіленген, сондай-ақ осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген мерзімдерде қарап-тексеруден өтпеген көлік құралдары ӘПО-ға қызметтік тексеру материалдарын және әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) бұйрығынан көшірмелер ұсынғаннан кейін қарап-тексеруге ұсынылады.

33. Белгіленген мерзімдерде техникалық қарап-тексеруге ұсынылмаған көлік құралдары қарап-тексеруден өтпеген болып саналады және оларды пайдалануға тыйым салынады.

34. Қарап-тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарын техникалық қарап-тексеру актісі ресімделеді, оның бір данасы көлік құралы иесінің өкіліне беріледі, екіншісі ӘПО-да сақталады.

35. Қарап-тексеруді өткізу нәтижелері туралы ақпаратпен деректер ӘПО-да үш жыл бойы сақталады.

Әскери полиция органдарында
тіркелген механикалық көлік
құралдары мен олардың тіркемелерін
міндетті техникалық қарап-тексеруді
ұйымдастыру және өткізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

_____ гарнизоны

Әскери полиция бөлімінің бастығына

Әскери бөлімнің

(мекеменің)

бұрыштама мөртаңбасы

Өтінім

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы " __ " _____ №__ бұйрығының талаптарына сәйкес Сізден

_____ тиесілі механикалық көлік құралдарын
(көлік құралының иесі)

міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді сұраймын.

Қосымша:

- 1) қарап-тексеруге ұсынылған көлік құралдарының тіркеу тізімі;
- 2) қарап-тексеруге ұсынылмаған көлік құралдарының тіркеу тізімі;
- 3) штатқа табельден көшірме;
- 4) паспорт (формуляр) № _____.

(өтінімді беруге құзырлы адамның лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде))

Әскери полиция органдарында
тіркелген механикалық көлік
құралдары мен олардың тіркемелерін
міндетті техникалық қарап-тексеруді
ұйымдастыру және өткізу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

_____ **қарап-тексеруге ұсынылатын көлік**

(көлік құралының иесі)

құралдарының тіркеу тізімі

p/c №	Көлік құрал ының марка сы (тірке менің)	Жеке тіркеу деректері											Ескер тпе
		Мемл екетті к тіркеу нөмір лік белгіс і	Түрі	Шасс и №	Қозға лтқы ш №	Шана к № (кабин аның)	Шыға рылға н жылы	Түсі	Пайда ланы м басын а н жүрге н жүріс і	20__ ж. "" спидо метр көрсеткіші	Паспо рттың № серия сы	Көлік құрал ы н тіркеу куәлігі №	Пайда лану тобы

(көлік құралдарын пайдалануға жауапты адамның лауазымы,
әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)
М.О.

Әскери полиция органдарында
тіркелген механикалық көлік
құралдары мен олардың тіркемелерін
міндетті техникалық қарап-тексеруді
ұйымдастыру және өткізу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

қарап-тексеруге ұсынылмаған көлік

(көлік құралының иесі)

құралдарының тіркеу тізімі

р/с №	К Қ марка сы (тірке менің)	Жеке тіркеу деректері											Ұсын бау себеп тері
		Мемл екетті к тіркеу нөмір лік белгіс і	Түрі	Шасс и №	Қозға лтқы ш №	Шана қ № (кабин аның)	Шыға рылға н жылы	Түсі	Пайда лануд ы басыт ағанн а н жүріс і	20__ ж. "" спидо метр көрсеткіші	Паспо рт № серия сы	Көлік құрал ы н тіркеу куәліг і №	

(көлік құралдарын пайдалануға жауапты адамның лауазымы,
әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)
М.О.

Әскери полиция органдарында
тіркелген механикалық көлік
құралдары мен олардың
тіркемелерін міндетті
техникалық қарап-тексеруден
өткізу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Диагностикалау картасы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2023 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

— Диагностикалау пунктiнiң атауы (әскери бөлiм, мекеме)

— Диагностикалау картасының №

— Ағымдағы техникалық қарап-тексерiлген күнi (бұдан әрi – ТК)

— Көлiк құралының мемлекеттiк тiркеу нөмiрi белгiсi

— Маркасы, үлгiсi

— Көлiк құралын (бұдан әрi – КҚ) тiркеу туралы куәлiктiң сериясы, №

— Паспорт-формулярдың сериясы, №

— КҚ типi, түрi

— Қозғалтқыш №

— Шасси №

— Шанақ №

— Шығарылған жылы

Пайдаланылғаннан бастап жүрген жолы, км

Отыратын орын саны (жеке құрамды жеткізуге арналған автобустар мен техника үшін)

Қозғалтқыш көлемі, см3 (жеңіл КҚ үшін)

Жүк көтергіштігі (жүк КҚ үшін)

Есепке алынған орны (гарнизон, әскери бөлім, бағыныстылық)

(Жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жүргізуші куәлігінің берілген күні, сериясы, нөмірі

Топ атауы	Конструкция параметрінің, құрамдас бөліктерінің немесе қосымша құрылғылардың атауы	Көрсеткіш	Диагностикалауды жүргізген адамның қолы
Тежегіш жүйесі	Тежегіш жүйесінің (зақымдану) бөлшектері		
	Тұрақ тежегішінің тиімділігі		
	Тежегіш жетегінің герметикалығы		
	Стендтен тыс жағдайда тексеру кезіндегі тежегіш жолы, метр		
	Белгіленген бәсеңдеу, м/с2		
	Тежегіш жүйесінің іске қосылу уақыты, секунд		

Рульмен басқару	Динамометр шәкілі бойынша күш, кг/сек		
	Руль дөңгелегіндегі жиынтық люфт, градус		
	Рульмен басқару жай - күйі (қанағаттанарлық/қанағаттанғысыз)		
Жарық аспаптары	Сыртқы жарық аспаптарының стандартқа сәйкестігі		
	Фараны орнату биіктігі, мм		
	Тік жазықтықтағы жарық шоғының еңіс бұрышы, градус		
	Экран бойынша шоқтың фара орталығы кескінінен жарық-көлеңкелі шекараға дейінгі аралығы, мм		
Жүріс бөлігі:	Кардан білігі (бекітпенің зақымдануы)		
	Ілініс (ақаусыз)		
	Тарту-ілу құрылғысы, (ақаусыз)		
	Дөңгелек (бекітпенің зақымдануы)		
	Шина (өлшемі, протектор суретінің қалғаны, мм)		
Әйнек тазалағыш, әйнек жуғыш	Әйнек тазалағыш, әйнек жуғыш (бар болуы, ақаусыз)		
Қозғалтқыш және оның жүйелері:	Отын жүйесінің герметикалығы		
	Отын бағы (стандартқа сәйкестігі)		
	Пайдаланылған газдың уыттылығы		
	Пайдаланылған газдың түтіндеуі		
Конструкцияның өзге де элементтері:	Артқы көру айнасы (стандартқа сәйкестігі)		
	Ауа манометрі (ақаусыз)		
	Спидометр (ақаусыз, пломбаның болуы)		

	Радиоқабылдағыш кедергілерін басуға арналған керек-жарақ (бар болуы, ақаусыз)		
	Есіктердің құлпы, дыбыс сигналы, авариялық шығатын есік, жүргізуші орындығын механикалық реттеу, қауіпсіздік белдігі, кірден қорғайтын жапқыш, авариялық тоқтату белгісі, өрт сөндіргіш, дәрі қобдиша (бар болуы, ақаусыз)		

Әскери полиция әскери қызметшісінің қорытындысы: _____

Ескертпе: _____

Әскери полиция әскери қызметшісі _____

(гарнизонның)

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Әскери полиция органдарында
тіркелген механикалық көлік
құралдары мен олардың тіркемелерін
міндетті техникалық қарап-тексеруді
ұйымдастыру және өткізу
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Техникалық қарап-тексеруден өту туралы куәлік

Техникалық байқау өту Свидетельство о прохождении туралы куәлік технического осмотра Әскери бөлімі _____ Войсковая часть _____ КҚ маркасы _____ МТНБ _____ Марка ТС ГРНЗ _____ Пайдалану тобы _____ Группа эксплуатации _____
--

Жылдық моторесурстар нормасы _____ шақырым/километров

Годовая норма моторесурсов

Спидометр көрсеткіші " _____ " _____ жылғы/года _____ шақырым/километров

Показание спидометра на

Дейін жарамды " _____ " _____ жылғы/года

Действительно до

Әскери автомобиль полиция бөлімінің бастығы _____ гарнизоны

Начальник отдела военной автомобильной полиции гарнизона

(әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

воинское звание, подпись, фамилия, имя, отчество (при его наличии)

МО/МП " _____ " _____ жылғы/года

МТНБ және иесінің ауысуы жөнінде белгі

Отметка о смене владельца и ГРНЗ

Әскери бөлімі _____ Пайдалану тобы _____

Войсковая часть Группа эксплуатации

КҚ маркасы _____ МТНБ _____

Марка ТС ГРНЗ

Әскери бөлімі _____ Пайдалану тобы _____

Войсковая часть Группа эксплуатации

КҚ маркасы _____ МТНБ _____

Марка ТС ГРНЗ

Күні	Бөлінген моторесурстар нормасы	Мөр және қолтаңба
Дата	туралы белгі	Печать и подпись
	Отметка о выделенной норме	
	моторесурсов	

Әскери полиция органдарында
тіркелген механикалық көлік
құралдары мен олардың тіркемелерін
міндетті техникалық қарап-тексеруді
ұйымдастыру және өткізу
қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Көлік құралдарын техникалық қарап-тексеру актісі

20__ ж. " _____ " _____

Мен, _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

комиссия мүшелерінің қатысуымен: _____

(әскери бөлім, ұйым, мекеме, бағынушылық)

балансында тұрған көлік құралдарының (бұдан әрі – КҚ) техникалық

қарап-тексеруін жүргізді.

Техникалық қарап-тексеру барысында мыналар анықталды:

_____ бірлік КҚ техникалық қарап-тексеруге ұсынылды

Р/с №	Көлік құралын ың типі	Моделі	МТНБ	Шығары лған жылы	Реттік нөмірлері			К Қ техника лық жай-күй і туралы қорыты нды	Т Қ өткендіг і туралы қорыты нды	Ескертп е
					Қозғалт қыш	Шанақ	Раманы ң , шассиді ң			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

_____ бірлік көлік құралы техникалық қарап-тексеруден өтті.

_____ бірлік көлік құралы техникалық қарап-тексеруден өтпеді.

соның ішінде мынадай себептер бойынша:

Тежегіш жүйесінің ақаулығы _____ бірлік;

Рульмен басқарудың ақаулығы _____ бірлік;

Сыртқы жарық аспаптарының ақаулығы _____ бірлік;

Шиналар протекторының тозуы _____ бірлік;

Шанақ пен кабинаның қанағаттанғысыз жай-күйі _____ бірлік;

Тораптар мен агрегаттардың техникалық ақаулығы _____ бірлік;

Жылдық моторесурс нормасының артық шығыны _____ бірлік;

Қорғаныс министрінің және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығы бұйрықтарының

талаптарын бұзу _____ бірлік;

Өзге де себептер _____ бірлік.

Техникалық қарап-тексеруге ұсынылмаған көлік құралдары _____ бірлік

№	КҚ типі	Моделі	МТНБ	Пайдалану тобы	Т Қ - ға ұсынбау себептері	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Техникалық қарап-тексеруге ұсынылмаған көлік құралдарының барлығы _____

_____ бірлік

соның ішінде мынадай себептер бойынша:

ағымдағы жөндеуде немесе оны күтуде _____ бірлік;

күрделі жөндеуде _____ бірлік;

бөлшектеуде _____ бірлік;

сақтауда болу _____ бірлік;

іссапарда _____ бірлік;

өзге де себептер _____ бірлік.

Әскери автомобиль полициясы бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы

_____ (әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде))

М.О.

Комиссия мүшелері: _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

Әскери бөлімінің командирі (мекеме бастығы)

(әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

М.О.

Көлікті пайдалану үшін жауапты адам

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)